



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

қабылданды. Құжат Ауғанстан мен Орталық Азиядағы ұзақ мерзімді бейбітшілікті, тұрақтылықты және тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін өңірлік, аймақаралық және халықаралық ынтымақтастықты дамытудың маңыздылығын атап көрсетіп, аймақ елдерінің бейбітшілік, ынтымақтастық және өркендеу аймағын кеңейтуге бағытталған бірлескен күш-жігерін қолдайды. Төрағалық шеңберінде Таяу Шығыс пен Кипрдегі, Конго Демократиялық Республикасы, Колумбия, Дарфур (Судан), Батыс Африка және Сахель, Ливия, Мали, Сомали және Оңтүстік Судандағы жағдайлары бойынша жоспарланған іс-шаралары (брифингтер және консультациялар) өтті [7]. Көптеген жаһандық және аймақтық үдерістерге қатысуды, медиация мен сенімді нығайтудағы белсенді ұстанымды ескере отырып, Қазақстан көп жақты дипломатия аясында барлық халықаралық қауымдастықтарға, мемлекеттер мен ұйымдарға тиімді теңдестірілген көзқарасы және бейтараптығын көрсете отырыптабысты әрекет етті.

Сонымен, қазіргі таңда Қазақстан халықаралық құқықтың белсенді қатысушысы, аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі көшбасшы және бірқатар халықаралық ұйымдар мен шаралардың бастамашысы болып табылады. Орталық Азия мемлекеттерімен достастық және тату көршілік байланысты және басқа да Азия, Еуропа мемлекеттерімен өзара ынтымақтастықты ұтымды түрде жүргізе отырып, еліміз халықаралық және аймақтық қауіпсіздік пен бейбітшілікті қамтамасыз етудің үлгісін дұрыс көрсете білді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Колосов Ю.М, Кривчикова Э.С Международное право. –М.: Международные отношения, 2000, 362с.
2. Устав Организации Объединенных Нации от 26 июня 1945 года <http://www.un.org/ru/charter-united-nations/>
3. Global Peace Index <http://visionofhumanity.org/indexes/global-peace-index/>
4. Оқиғалар күнтізбесі <http://e-history.kz/kz/calendar/event/05/23>
5. Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес / ҚР Сыртқы істер министрлігі Ресми сайты <http://www.mfa.kz/kz/content-view/svmda>
6. ЕҚЫҰ-ға төрағалық еткен Қазақстан мемлекеттер арасындағы сенімді бірінші орынға шығарады <http://www.inform.kz/kz/ekyu-ga-toragalыk-etken-kazakstan-memleketter-arasyndagy-senimdi-birinshi-orynga-shygaryd а2831551>
7. Итоги председательства Казахстана в Совете Безопасности ООН: успех инициатив Главы государства в региональном и глобальном масштабе / Посольство Республики Казахстан в Республике Беларусь Официальный сайт <http://mfa.gov.kz/ru/minsk/content-view>

УДК 341.1/8

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ТУРАЛЫ БІЛІМНІҢ ТАРАЛУ МӘСЕЛЕСІ

Аханов Айдын Азаматұлы
Қаражан Бекмырза Серікұлы
Aaakhanov@gmail.com

Заң ғылымдарының магистрі
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Халықаралық құқық кафедрасының оқытушысы

Андатпа

Халықаралық гуманитарлық құқық жайлы білімнің таралу мәселесіне анализ жасауға бағытталған, халықаралық гуманитарлық құқықтың Қазақстанда таралу деңгейін анықтау мақаланың мақсаты болып табылады. Бұл жұмыста Қызыл Крест Халықаралық Комитетінің

білімнің таралудағы рөліне де көңіл бөлінеді, ал халықаралық гуманитарлық құқық туралы білімді таратуда бұл комитетке берілген халықаралық құқық субъектілерімен берілген құзыреттілікке сай еңбегі баршаға айқын, әрі танылған.

Кілтті сөздер: Халықаралық гуманитарлық құқық, Халықаралық Қызыл Крест Комитеті.

Халықаралық гуманитарлық құқықты тарату бойынша негізгі жұмысты ҚКХК атқарады. ҚКХК-ның қызметі қарулы қақтығыстар кезінде, ол құрбандарды қорғаған және өзінің мандатына сәйкес оларға көмек көрсеткен кезде едәуір айқын болып табылады. ҚКХК-ның бейбіт уақыттағы жүргізген жұмысы азырақ мәлім [1]. Ол жұмыс азаматтық адамдар мен әскери қызметшілердің арасында халықаралық гуманитарлық құқық туралы білімді таратуда, мемлекеттік билікке құқықтың осы саласында құқықтық консультациялар беруде және Қызыл Крест пен Қызыл Жарты Ай ұлттық қоғамдарына олардың мүмкіндіктерін дамытуға көмек көрсетуде байқалады [2].

1990 жылдардың басында ҚКХК халықаралық гуманитарлық құқықты міндетті түрде соғыс жағдайындағы ғана емес, сонымен қатар осы салада дайындығы бар заңгерлерге мұқтаж елдердің жоғары оқу орындарының бағдарламаларына енгізуге қол жеткізбекші болып тырысуда. Қазіргі уақытта бұл бағдарламалар ҚКХК-ның оннан астам делегаты мен бірнеше жергілікті қызметкердің басшылық етуімен шамамен 25 елде жүзеге асырылуда. Бағдарламалардың мақсаты болашақта шешім қабылдайтындарға халықаралық гуманитарлық құқық туралы терең білім беру, сондай-ақ ҚКХК мен оның қызметінің әйгілі болуын қамтамасыз ету.

Халықаралық гуманитарлық құқықты дамытуда Қазақстандағы Қызыл Крест пен Қызыл Жарты Ай Халықаралық Комитетінің рөлі зор. 1937 жылғы 5 наурыздан бастап Қазақ КСР Қызыл Крест қоғамы құрылды. КСРО-ның таралуымен және Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуымен Қазақ КСР Қызыл Крест қоғамы Қазақстан Республикасының Қызыл Крест пен Қызыл Жарты Ай қоғамы болып қайта құрылды [3].

1992 жылғы 17 сәуірден бастап Қоғам Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақ Қызыл Жарты Ай және Қызыл Крест қоғамының қызметі туралы» Жарлығын басшылыққа алады. Осы Жарлыққа сәйкес Қоғам 1949 жылы Бірінші Женева конвенциясының 26-бабының негізінде қарулы қақтығыстар кезеңінде қарулы күштердің ұдайы медициналық қызметтеріне көмек көрсетуге өкілетті деп танылды. Жоғарыда көрсетілген Жарлықпен бекітілген Қоғам туралы ереженің негізінде Қоғам:

- гуманитарлық салада жергілікті билікке көмектесе алады, өйткені ұлтына, жынысына, діни және саяси көзқарасына қарамастан, адамның зардап шегуін болдырмау және жеңілдету оның негізгі мақсаты болып табылады;

- бейбіт уақытта Женева конвенцияларында айқындалған іс-әрекеттерге дайындықты жүзеге асырады;

- бағдарламалар мен табиғи зілзала құрбандарына жедел жәрдем қызметтерін ұйымдастырады, осындай көмектің халықаралық бағдарламаларын ұйымдастыруға қатыса алады;

- еріктілерді оқыта және оларды практикалық жұмысқа тарта отырып, халықтың денсаулығын жақсарту үлес қоса алады;

- халықтың аз қамтылған буындарын әлеуметтік қолдауға қатыса алады;

- халықта бейбітшілік идеалдарын, барлық адамдар мен халықтар арасында өзара құрмет пен өзара түсіністікті тәрбиелеу мақсатында Халықаралық ҚКХК қозғалысы идеалдарын, халықаралық гуманитарлық құқықты насихаттайды.

1993 жылғы 31 наурызда Қазақстан Республикасы 1949 жылғы «Соғыс құрбандарын қорғау туралы» Женева конвенцияларына және оларға 1977 жылғы екі Қосымша хаттамаға қосылды.

2002 жылғы наурызда Қоғам (2001 жылғы желтоқсанда «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері медициналық қызметінің эмблемасы мен айырым белгісі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануымен байланысты) «Қазақстан Республикасының Қызыл

Жарты Ай қоғамы» жаңа атауын және Қызыл Жарты Ай эмблемасын ресми қабылдады.

2003 жылғы қарашада Қазақстан Республикасының Қызыл Жарты Ай қоғамын Халықаралық Қызыл Крест Комитеті мақұлдады және ол Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай Халықаралық Федерациясының мүшесі болды [4].

Қазақстан Республикасында ҚКХК-ның мәртебесі ерекше. Себебі «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қызыл Крест Комитетінің арасындағы Қазақстан Республикасындағы ХҚКК Өкілдігінің мәртебесі, артықшылықтары және иммунитеттері туралы келісімге қол қою туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қарашадағы № 1275 қаулысында ХҚКК Өкілдігі болатын мемлекеттің аумағында халықаралық ұйымдар мәртебесінен кем емес қолайлы құқықтық мәртебеге ие болатыны туралы айтылған.

ХҚКК Өкілдігі болатын мемлекеттің аумағында өз мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға қажетті құқық қабілеттілігін пайдаланады. Яғни, өз функцияларын толық іске асыру үшін мүмкіндік береді. Халықаралық гуманитарлық құқықты қолдану үшін халық арасындағы ғана емес, сонымен қатар әскерлерде және өзге де қарулы құрамаларда, сондай-ақ орта басшы құрам арасында да оның ережелері туралы нашар хабардарлық үлкен кедергі болып табылады. Осыны ескере отырып, Конвенциялар бұл мәселеге арнайы көңіл бөлуде. Сонымен, командирлерден олардың қарамағындағылардың оларға Конвенциялар мен I Хаттама жүктейтін міндеттемелер туралы хабардар болуы талап етіледі. (87-бап). Конвенциялар мен Хаттама тараптарды бейбіт уақытта да, қақтығыс кезінде де Хаттаманы Конвенциядан да кең таратуға және, атап айтқанда, оларды зерделеуді әскери даярлық бағдарламасына қосуға және азаматтық халықтың оларды зерделеуін көтермелеуге міндеттейді. Конвенция мен Хаттаманы қолданғаны үшін өзіне жауапкершілік алатын кез келген әскери және азаматтық билік олардың мәтіндерімен толық таныс болуы тиіс.

Осы мақсаттарда әскери бөлімдерге заң кеңесшілері жіберіледі. Барлық төрт Женева конвенциясы да оларды зерделеуді әскери, мүмкін болса, азаматтық білім берудің оқу бағдарламасына қосуды талап ете отырып, жалпы «барлық халық, атап айтқанда соғысып жатқан қарулы күштер, санитарлық персонал мен дін қызметшілері» Конвенцияның мәтінімен таныс болуы үшін оқыту мен ағарту туралы баптарды қосты (I Конвенцияның 47-бабы). Әртүрлі елдерде оқыту мен ағарту жұмыстары үшін ҚКХК үлкен қаражат пен күш жұмсайды. ҚК және ҚЖА қоғамдары да, оның ішінде Қазақстандағы қоғам да өз үлесін қосуда. Қазақстанда, Қырғызстанда, Тәжікстанда, Түрікменстанда және Өзбекстанда ҚКХК қарулы қақтығыстар жағдайында немесе ел ішіндегі басқа да зорлық-зомбылық жағдайларында халықтың хабардар болуына және өмірге және адамдардың абыройына құрметпен қарауды қалыптастыруға көмектесуде.

Осы мақсаттарда ол саяси билік пен барлық деңгейдегі тиісті ведомстволардың өкілдері арасында, қарулы күштерде, құқық қорғау органдарында, бұқаралық ақпарат құралдарында, азаматтық қоғам ұйымдарында, академиялық орталарда, жалпы білім беретін мектептерде, сондай-ақ Орталық Азия мемлекеттері қатысатын халықаралық діни ұйымдардың өкілдері арасында халықаралық гуманитарлық құқық туралы білімді таратады.

150 жылдан астам тәжірибесі мен 194 мемлекет мойындаған мандаты бар және әлемнің 80 елінде қатысатын ҚКХК, превентивті әрі жедел қызметтің көмегімен, қалыптасқан және әлеуетті гуманитарлық проблемаларды реттеуде тиісті мекемелер мен ұйымдарға көмек көрсетуге дайын. ҚКХК жұмысының сипаты одан тұрақты бейтараптылықты, риясыздықты және тәуелсіздікті талап етеді. ҚКХК мемлекеттердің ішкі істеріне араласпайды. Осындай күш-жігер жұмсай отырып, ол Орталық Азия елдерінің Қызыл Жарты Ай қоғамдарымен ынтымақтасады. Мүмкін болған кезде, ҚКХК бағдарламалары аяқталғаннан кейін тиісті мекемелер осы жұмысты өз бетінше жүзеге асыра беруі үшін ҚКХК гуманитарлық нормаларға тұрақты сипат беруге тырысады.

Астанада да халықаралық гуманитарлық құқықты тарату бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қазақстанның Қызыл Жарты Ай қоғамы 2016 жылы 2157 адамды оқытқан, олардың ішінде 892 мектеп оқушысы, мектептердің 8 оқытушысы, 473 мемлекеттік

қызметші, 197 студент, 100 әскери қызметші және корпоративтік сектордан 473 адам. Дегенмен, 1 млн халқы бар қала үшін бұл теңіздегі тамшы іспеттес.

Бірақ, таратудағы ең үлкен жетістік - Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ мен ҚКХК арасында 2009 жылы жасалған Халықаралық гуманитарлық құқық нормаларын дамыту және оқыту саласындағы ынтымақтастық туралы келісім болып табылады, ол халықаралық гуманитарлық құқықтың ұлттық орталығын ашуға ықпал етті. Орталық ХГҚ зерделеуде және зерттеуде мүдделі барлық адамдарға қажетті материалдарды ұдайы негізде береді, сондай-ақ ол кітапхана және ХГҚ-ның өзекті мәселелері бойынша конференциялар, семинарлар мен дөңгелек үстелдер өткізу орны ретінде пайдаланылады.

Матиас Шмаленің пірікінше, Қызыл Крест пен Жарты Ай қозғалысы болашақта мықты, әрі қажетті болып қалады, егер ХҚКК, ұлттық қоғамдар мен Халықаралық Федерация хатшылығы біріге консуктивті жұмыс істесе [5, 29].

Лукашук И.И. айтпақшы қазір соғыс өзінің мағынасын жоғалтты. Үлкен соғыстар адамзаттың тіршілігіне қатер төндірсе, «кіші» соғыста барлық қатысушылар зардап шегеді. Өзінің қатыгездігі мен бейбіт халық ішіндегі аса көп құрбандарымен ерекшеленетін халықаралық емес қарулы қақтығыстар кең таралуда. Сол себепті кез келген қарулы қақтығыс бүкіл халықаралық қауымдастықтың ортақ мәселесі [6, 10].

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1)Международный журнал МККК. Луиза Вьеруччи. Преподавание МГП в высших учебных заведениях: опыт МККК в Средней Азии. Сборник статей. 2001.-45 с.

2)Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 ноября 2010 года № 1275, о подписании Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Международным Комитетом Красного Креста о статусе, привилегиях и иммунитетах Представительства Международного Комитета Красного Креста в Республике Казахстан

3) Официальный сайт Красного Полумесяца Казахстана
URL:<http://redcrescent.kz/missions/>(дата обращения: 2.04.2017 г.)

4) Официальный сайт МККК. URL:<https://www.icrc.org/rus/resources/documents/news-release/2010/kazakhstan-news-190810.htm>(дата обращения: 15.03. 2017 г.)

5) Международный журнал МККК, №874/888 – Гуманитарные вызовы современности. 2013.-315 с.

6)Лукашук И.И. Международное право. Общая часть: учебник для студентов юридических факультетов и вузов. - Изд. 3-е, перераб. И доп. – М.: волтерсклувер, 2005.- 415 с.

УДК 341

ЗАЩИТА ГРАЖДАНСКОГО НАСЕЛЕНИЯ В ХОДЕ ВООРУЖЕННОГО КОНФЛИКТА

Байбуринов Адильжан Ринадулы

Студент 2 курса Юридического факультета кафедры международного права

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Adeka.0298@bk.ru

Научный руководитель – Костяная Ю.С

Международное право определяет запрет нападений на гражданское население во время вооруженных конфликтов как одну из основных норм международного гуманитарного права. Такая защита, предоставляемая гражданским лицам, представляет собой воплощение принципа проведения различия во время ведения военных действий и является нормой обычного международного гуманитарного права, применяемой во время как международных, так и немеждународных вооруженных конфликтов.